

"БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ" Халықаралық қоғамдық қорының 2021-2024 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары

КІРІСПЕ

"БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ" Халықаралық қоғамдық қоры

"БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ" Халықаралық қоғамдық қоры (бұдан әрі - Қор) - заңды тұлға, үкіметтік емес, коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қор «Қазақстан-2050» Стратегиясындағы алға қойылған білім беру саласындағы орта және жоғары білім беру жүйелерін дамыту үшін мемлекеттік-жеке серіктестік желісін құру, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдер мен құралдарды қарқынды енгізу, орта және жоғары білім берудің оқу жоспарларына екіпінділікті және бағыттылықты өзгерту, сыртқы кадрлық ресурстарды тарту, сонымен бірге «Ұлт жоспары – 100 қадамның» 79-қадамын іске асыру, білім беру жүйесінде – жоғары мектепте және ЖОО-да ағылшын тілді оқытуға кезеңдеп өту, бітіруші кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және білім беру секторының сараптамалық әлеуетінің өсуіне бағытталған міндеттерді іске асыру мақсаттарында құрылған.

Қор қызметінің негізгі мәні «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицейлерінің (бұдан әрі - БИЛ) білім беру қызметін үйлестіру, осы лицейлердің қызметіне әдістемелік және ұйымдастырушылық басшылықты іске асыру, орта және жоғары білім беру жүйелерін дамыту мақсаттарында білім берудің басқа мемлекеттермен және жеке мекемелермен серіктестік желілерін құру болып табылады.

Стратегиялық даму жоспарының алғышарттары

Стратегиялық даму жоспарының мақсаты - қоғам сұраныстарының өзгеруіне сәйкес сапалы білім мен саналы тәрбие бере отыра, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру үшін қолайлы оқу ортасын қамтамасыз ету.

Даму жоспары төмендегі міндеттерді орындауды көздейді:

- адами әлеуетті дамытатын білім беру жүйесін қалыптастыру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- оқушыларды әлеуметтендіру және өзін-өзі дамыту бойынша тиімді жүйемен қамтамасыз ету;
- білім берудегі сыртқы бағалау жүйесін жаңарту;
- қазақ тілін оқыту жүйесін жан-жақты дамыту
- мамандандырылған білім беру бағдарламаларының құрылымын жаңарту;
- білім беру ұйымдарының инфрақұрылымын және басқару жүйесін дамыту;
- кадрлық саясатын дамыту және жетілдіру;
- қордың әдістемелік жұмысын жетілдіру.

Даму жоспарының мақсаты мен міндеттері 6 бағыт бойынша іске асырылады. Олар:

1. Білім берудің тиімділігі мен сапасын арттыру;
2. Кадрлық әлеуеттің сапасын арттыру;
3. Білім беру ұйымдарының басқару жүйесін жетілдіру және дамыту;
4. Тәрбие үрдісін жетілдіру;
5. Қазақ тілін дамыту;
6. Материалдық-техникалық базаны дамыту.

Даму жоспары 2021-2024 ж.ж. қамтитын 3 жылдық мерзімге есептелген.

Қордың басшылық қағидалары

Миссия

Білім мен тәрбие саласында отандық және халықаралық озық тәжірибелерге сүйене отырып, бәсекеге қабілетті және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруға жағдай жасау арқылы еліміздің адами капиталының дамуына үлес қосу.

Бағдары

- **“БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ” Халықаралық қоғамдық қоры** - еліміздегі білім беру саласында сапалы қызмет көрсету мақсатымен мемлекеттік және жекеменшік білім беру ұйымдарына қолдау көрсетеді;
- **Оқу ортасы** - оқыту мен тәрбиелеу үшін қолайлы. Ол сапалы білім беруге және оқушылардың, ата-аналар мен қызметкерлердің эмоционалдық әл-ауқатын жақсартуға бағытталады;
- **Білім беру бағдарламасы** - Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен жобалық оқыту негізінде әзірленіп, жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын, тіл құзыреттілігі мен АКТ дағдыларын қалыптастыруға және оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға бағытталады;
- **“Құндылықтарға негізделген білім беру” бағдарламасы** - оқу бағдарламаларының мазмұнына кіріктірілген ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың кең аясын қамтиды. Олар бүкіл мектеп жүйесінің ажырамас бөлігі болып, мектеп мәдениетінде, сыныптан тыс іс-шараларда және барлық қызметкерлер мен оқушылардың мінез-құлқында көрініс табады;
- **Педагогтар** - өз ісіне, “БИЛ” ХҚҚ-ның миссиясы мен құндылықтарына адал. Олар көптілді және оқытудың озық әдістері мен технологияларын меңгереді;
- **Түлектер** - көптілді болып, ХХІ ғасырда қажетті білім мен дағдыларды меңгереді. Олар Қазақстан Республикасы мен әлемнің жетекші жоғары оқу орындарына түсіп, мемлекеттің және адам баласының дамуына өз үлесін қосады.

Жұмыс қағидалары

“БИЛ” ХҚҚ өз қызметінде келесі қағидаларды басшылыққа алады:

- **Заңдылық** - өз қызметін жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының заңнамасын және “БИЛ” ХҚҚ-ның Жарғысын басшылыққа алады;
- **Инновацияларға ұмтылу** - білім беру бағдарламаларын енгізуде, тәрбие беру қызметінде және басқа да жұмыс бағыттарында инновациялық әдістер мен технологияларды қолдануға және өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылады;
- **Адалдық және ашықтық** - мүдделі тараптармен адалдық пен ашықтыққа негізделген сенімді қарым-қатынас құрады. “БИЛ” ХҚҚ қызметі туралы ақпарат транспарентті болып табылады. “БИЛ” ХҚҚ оқушылармен, ата-аналармен және қызметкерлермен диалог құруға әрдайым ашық және қоғам игілігі үшін өз білімі мен тәжірибесімен бөліседі;
- **Қамқорлық пен құрмет** - әкімшілік, педагогтар мен оқушылар бір-бірін құрметтеп, бір-бірінің әл-ауқаты мен психологиялық жайлылығына қамқорлық жасайды;
- **Ата-аналармен ынтымақтастық** - “БИЛ” ХҚҚ екі қалыптастырушы әлеуметтік институтының, яғни мектеп пен отбасының, балаларды тәрбиелеу мен оқытуда үлкен күші барына сенімді. Сондықтан “БИЛ” ХҚҚ ата-аналардың өз балаларының оқу-тәрбие процесіне және мектеп өміріне белсенді қатысуына ықпал етеді;
- **Алқалық** - мәселелерді ұжым болып талқылау, сондай-ақ белгілі бір дәлелге және аргументке негізделген шешімдерді қабылдау үшін алқалық қағиданы басшылыққа алады.

Негізгі құндылықтар, оқушы мен мұғалім профилі

№	Негізгі құндылық	Оқушы профилі	Мұғалім профилі
1	Құрмет	“БИЛ” оқушысы жеке адамның, ұжымның және қоғамның құқықтары мен кадір-қасиетін құрметтейді. Кішіге қамқорлық жасайды және үлкендерге құрмет көрсетеді. Ол айналасындағыларға қамқорлық пен эмпатия жасауды біледі, қоғамның дамуына өз үлесін қосады және қоршаған ортаны қорғауға атсалысады.	“БИЛ” мұғалімі қоғамның, ұжымның және тұлғаның жеке басының құқықтары мен кадір-қасиетін құрметтейді. Айналасындағы адамдарға қамқорлық жасайды. Ол (лар) оқушымен сенімді қарым-қатынас құра отырып, олардың аса күрделі өмірлік проблемалары мен жағдайларын шешуде көмек көрсетеді.
2	Жауапкершілік	“БИЛ” оқушысы өз әрекеттері мен олардың салдары үшін жауап береді. Ол қоғамның толыққанды мүшесі екенін түсініп, өзінің қоғам алдындағы міндеттемелерін орындайды.	“БИЛ” мұғалімі әрқашан ынталандырушы және адамгершілік мінез-құлықтың үлгісі болуға ұмтылады. Ол ұдайы кәсіби шеберлігін арттырудың және мектептің дамуына өз үлесін қосудың жауапкершілігін сезінеді.
3	Адалдық	“БИЛ” оқушысы адал және әдепті, әрқашан әділеттілік, теңдік және теңдік принциптерін басшылыққа алады. Білім алудың әртүрлі кезеңдерінде академиялық адалдықты сақтайды.	“БИЛ” мұғалімі ұстаздық қызметке терең ынтасымен атсалысады. Ол барлық оқушыларға әділдікпен қарайды және олардың тегіне, нәсіліне, ұлтына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, балаға, ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан бейтараптық танытады. Ол академиялық адалдық қағидаларын ұстанып, оның сақталуын қамтамасыз етуіне барынша күш салады.
4	Отансүйгіштік	“БИЛ” оқушысы өз Отанын жақсы көреді, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының нормаларын сақтайды және құрметтейді, азаматтық ұстанымның жауапкершілігін сезеді.	“БИЛ” мұғалімі өз Отанын сүйеді, Отанға адал қызмет етуді мұрат етеді. Өзінің азаматтық борышын жауапкершілікпен атқара біледі.
5	Ынтымақтастық	“БИЛ” оқушысы әр түрлі пікірлерді бағалайды, құрметтейді. Өз пікірі мен көзқарасын бірнеше тілде жазбаша және ауызша білдіре алады. Ол өз бетінше дербес жұмыс істей алады және командада тиімді жұмыс атқарады.	“БИЛ” мұғалімі мектепте және мектептен тыс жерлерде өзінің педагогикалық тәжірибесімен, идеяларымен және оқытудың әдіс-тәсілдерімен бөліседі. Ол балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі ата-ана рөлінің маңыздылығын түсінеді, сондықтан өз оқушыларының ата-аналарымен тығыз жұмыс істейді.
6	Кемелдену	“БИЛ” оқушысы әрқашан жаңа білімді игеруге және заманауи дағдыларды үйренуге ашық. Көздеген мақсатқа жету үшін еңбекқорлық пен табандылық	“БИЛ” мұғалімі ішкі күш-қуатының мықты болуы үшін ынталандыру көздерін іздейді және сақтайды, ішкі күйзеліске жол бермейді. Әрдайым жаңа әдістер мен

	танытады. Жеке басының және қоғам игілігі үшін ұдайы дамудың қажеттілігін түсінеді және жоғары жетістікке жетуге талпынады.	технологияларды зерттейді, тәжірибе жасаудан және білгендерін іс жүзінде қолданудан қорықпайды. Ол сын пікірлерге ашық және өзгерістерге төзімді.
--	---	---

Ағымдағы жағдайдың талдауы

SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> ● 29-жылдық жұмыс тәжірибесі ● ата-аналармен жұмыс ● жас мамандарды қолдау жүйесі ● мұғалімдердің біліктілігін үздіксіз арттыру жүйесі ● ұжым арасындағы ізгі-ниеттілік ● құндылықтарға негізделген білім беру моделі ● кадрлар ротациясы ● түлектермен жұмыс ● ықыласты педагогтар ● дарынды оқушылар ● мұғалімдердің шет тілін білуі ● алқалы шешім қабылдау механизмі ● интернатты оқыту жүйесі 	<ul style="list-style-type: none"> ● білім сапасын бақылауда жеткіліксіздік ● қызметкерлер қызметін бағалау жүйенің әлсіздігі ● қаржы мүмкіндіктерінің пайдаланбауы ● жетілдірмеген HR жүйесі ● зерттеу мәдениетінің болмауы ● материалдық-техникалық базаның әлсіздігі ● күн тәртібіндегі мәселелердің көптігі ● “академиялық жақтың басқа тұстардан басым болуы керек” деген түсінік ● дерек пен дәйекке негізделген шешім қабылдау тәжірибенің көп таралмауы ● институционалдық жадтың әлсіздігі ● ашықтықтық (транспарентность) аздығы ● лицейлерде орыс тілді/өзге ұлт оқушыларының саны аздығы
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<ul style="list-style-type: none"> ● білім саласындағы жақын серіктестер: NOVA, R4, т.б. ● виртуалдаудың артуы ● саналы түрде баласының тәрбиесіне көңіл бөлетін ата-аналардың артуы ● лицей түлектері балаларының лицейлерге түсуі артуда 	<ul style="list-style-type: none"> ● жаңа заманауи мектептердің ашылуы ● педагогикалық кадрлардың кетуі ● виртуалдаудың артуы ● гаджеттердің қолдануы артуда ● ауылдық оқушылардың азаюы ● шетелге жұмыс үшін кетіп жатқан мұғалімдердің артуы ● LGBTQ+ әрекетінің қоғамда кеңеюі

Бағыт-1:**Білім берудің тиімділігі мен сапасын арттыру**

№	Мақсат	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Оқу жоспарына "Бағдарламалау", "Дизайн", "Робототехника" вариативтік бағдарламаларын енгізу	бағдарламаны 9-сыныпта апробациялау	бағдарламаны 9-10 сыныптарда іске асыру	бағдарламаны жаңарту
2	Оқушылардың эссе жазу дағдыларын дамыту	7-сыныпта эссе жазу (500 сөз)	8-сыныпта эссе жазу (1000 сөз)	9-10 сыныпта эссе жазу (2000 сөз)
3	Кәсіпкерлік қызметті және жоба негізінде оқыту бағдарламасын дайындау (PBL)	Бағдарламаны әзірлеу	Қордың барлық білім беру ұйымдарында оқыту және оны енгізу	ENACTUS халықаралық платформасымен бағдарламаны дамыту
4	«Математика» пәні бойынша мамандандырылған білім беру бағдарламасын дайындау	Мамандандырылған бағдарламаны әзірлеу	бағдарламаны 7-сыныптарда апробациялау	8-9 сыныптарда бағдарламаны апробациялау
5	Мамандандырылған білім беру бағдарламасын бойынша «Математика» пәнінен оқулықтар әзірлеу		7 сынып оқушыларына арналған оқулық	8-9 сынып оқушыларына арналған оқулық
6	Жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша мамандандырылған білім беру бағдарламаларын дайындау	Мамандандырылған бағдарламаны әзірлеу	бағдарламаны 7-сыныптарда апробациялау	8-9 сыныптарда бағдарламаны апробациялау
7	«Сингапур математикасы» әдістемесі бойынша 1-4 сыныптарға арналған білім беру бағдарламасын дайындау	бағдарламаны әзірлеу	бағдарламаны 1-сыныптарда апробациялау	бағдарламаны 2-сыныптарда апробациялау
8	«Сингапур математикасы» әдістемесі негізінде оқулық дайындау	оқулықтарды әзірлеу	1-сынып оқушыларына арналған оқулық	2 сынып оқушыларына арналған оқулық

9	Тілдік құзыретті анықтау мақсатында түрік тілі пәні бойынша емтихан дайындау (KET – PET форматында)	7-8-сыныптар үшін емтихан дайындау	пилоттық мектептерде 7-8-сыныптар емтиханын апробациялау	барлық лицейлерде емтиханды өткізу
10	Жаратылыстану пәндері бойынша дүниежүзілік пәндік олимпиадаларына дайындық мақсатында заманауи зертханалар ашу	Биология пәні бойынша зертхана ашу	Химия және физика пәні бойынша зертхана ашу	Зертханалардың құрылғыларын жаңарту
11	“Advanced Placement” (AP) курстарын оқу бағдарламасына енгізу	NURORDA мектеп-лицейінде онлайн түрде оқыту	5 лицейде элективті курс ретінде оқыту	10 лицейде элективті курс ретінде оқыту
12	“Advanced Placement” (AP) курстары бойынша мұғалімдерді кәсіби жетілдіру	5 әдіскер офлайн курстан өтеді	20 мұғалім онлайн курстан өтеді	25 мұғалім онлайн курстан өтеді
13	Білім беру сапасын арттыру мақсатында қордың орталықтандырған бағалау жүйесін жетілдіру	бағалау бөлімінің тұжырымдамасын , жұмыс жоспарын дайындау	жоспарға сай жұмыс кезеңдерін іске асыру	жоспарға сай жұмыс кезеңдерін іске асыру
14	Дүниежүзілік және халықаралық олимпиадаларды, шараларды ұйымдастыру	Infomatrix, IFLC, Owlpyia, STEM өткізу	Infomatrix, IFLC, Owlpyia, STEM өткізу	Infomatrix, IFLC, Owlpyia, STEM өткізу

Бағыт-2:

Кадрлық әлеуеттің сапасын арттыру

№	Мақсат	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	IELTS-қа тренерлерді дайындау	40 тренер	25 тренер	25 тренер
2	TESOL курстары арқылы мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру	20 мұғалім	15 мұғалім	15 мұғалім

3	Ағылшын тілі пәні мұғалімдерін CELTA курсынан өткізу	5 мұғалім	5 мұғалім	5 мұғалім
4	Оқу бағдарламаларды әзірлейтін мамандарды даярлау	40 мұғалім	20 мұғалім	20 мұғалім
5	Жоғары оқу орындарына өтінім беру үшін ағылшын тілінде эссе жазу тренерлерін дайындау	10 тренер	3 тренер	2 тренер
6	«Сингапур математикасы» әдістемесі бойынша педагогтардың біліктілігін арттыру	30 мұғалім	30 мұғалім	30 мұғалім
7	Тестология саласы бойынша мамандар даярлау	50 мұғалім	кемінде 24 мұғалім	кемінде 24 мұғалім
8	Тарих және география пәні мұғалімдерінің "Concept-based learning" әдістемесі бойынша біліктілігін жетілдіру	10 мұғалім біліктілігін арттырады; 7-сыныпқа арналған элективті курс бойынша бағдарлама дайындалады.	30 мұғалім біліктілігін арттырады; 10 лицей пилоттық жоба бойынша жұмыс жасайды	30 мұғалім біліктілігін арттырады; барлық лицейлердің 7-ші сыныптарында элективті курс бағдарламасы енгізіледі
9	“Педагогикалық дизайн” (Instructional design) бойынша мамандарды даярлау	2 мұғалім	2 мұғалім	5 мұғалім
10	Жаратылыстану пәндері бойынша облыстық және республикалық деңгейлердегі олимпиадаға жаттықтырушы-мұғалімдерді жетілдіру	облыстық олимпиада деңгейінде: ● биология - 11	облыстық олимпиада деңгейінде: ● биология - 11	облыстық олимпиада деңгейінде: ● биология - 10

		<ul style="list-style-type: none"> ● физика - 14 ● химия - 10 ● математика - 10 ● информатика - 10 ● география - 7 	<ul style="list-style-type: none"> ● физика - 12 ● химия - 12 ● математика - 10 ● информатика - 10 ● география - 10 <p>Республикалық олимпиада деңгейінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> ● биология - 11 ● физика - 14 ● химия - 10 ● математика - 10 ● информатика - 10 ● география - 7 	<ul style="list-style-type: none"> ● физика - 10 ● химия - 10 ● математика - 10 ● информатика - 10 ● география - 10 <p>Республикалық олимпиада деңгейінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> ● биология - 22 ● физика - 26 ● химия - 22 ● математика - 20 ● информатика - 20 ● география - 27
11	Қызметкерлер арасында зерттеу мәдениетін дамыту	<p>зерттеу бөлімін құру;</p> <p>20 зерттеуші жетілдіру;</p> <p>негізгі зерттеу проблемаларын анықтау</p>	<p>веб портал жасау;</p> <p>40 зерттеуші жетілдіру;</p> <p>проблемалық салаларды зерттеу</p>	<p>зерттеуге негізделген тәсілдемені енгізу;</p> <p>барлық қызмет бағыттары бойынша зерттеу тәсілдемені енгізу</p>
12	Әр информатика пәні мұғалімін кемінде бір бағытта шеберлігін арттыру	<p>Мұғалімдер ІТ дағдыларына бағытталады</p> <p>Барлық информатика мұғалімдері бір ІТ дағдысын жеңіл деңгейде меңгереді.</p>	<p>Барлық информатика мұғалімдері бір ІТ дағдысын орта деңгейде меңгереді.</p>	<p>Барлық информатика мұғалімдері бір ІТ дағдысын жоғары деңгейде меңгереді.</p>

13	SAT-Reasoning емтиханына дайындайтын тренерлерді оқыту	2 тренер	2 тренер	2 тренер
14	Педагогтың сатылы кәсіби жеке даму жүйесін енгізу	Кәсіби жеке даму жүйесі әзірленеді Педагогтың кәсіби дамуды басқару платформасы әзірленеді	Жүйені сатылы енгізу	Жүйені барлық деңгейлерде енгізу Жүйенің онлайн платформасын іске қосу
15	Мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету жүйесін (Instructional coaching) енгізу	12 әдіскер	30 әдіскер	30 әдіскер
16	"Master of Education in Curriculum and Instruction" магистратура бағдарламасы бойынша мұғалімдерді оқыту	5 мұғалім	5 мұғалім	5 мұғалім
17	Аймақтық оқу/пән әдіскерлерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру	Кәсіби шеберліктерін арттыру шараларына қатыстыру	Кәсіби шеберліктерін арттыру шараларына қатыстыру	Кәсіби шеберліктерін арттыру шараларына қатыстыру
18	Кадрлық резервті қалыптастыру және әзірлеу	Кадрлық резервті қалыптастыру ережесін дайындау	Кадрлық резервті қалыптастыру жүйесін іске асыру	Кадрлық резервті қалыптастыру жүйені жетілдіру
19	Адами ресурстар бөлімінің қызметін жетілдіру	Адами ресурстар бөлімі туралы ережені дайындау; Бөлімнің жұмыс жоспарын әзірлеу;	Жоспарға сай жұмыс кезеңдерін іске асыру	Жоспарға сай жұмыс кезеңдерін іске асыру

		Бөлім қызметкерлерін таңдау.		
20	Қордың PR/медиа бөлімі қызметкерлерінің кәсіби дамыту	Тәжірибе алмасу мақсатында халықаралық форум, фестиваль, конференция және курстарға қатысу	Тәжірибе алмасу мақсатында халықаралық форум, фестиваль, конференция және курстарға қатысу	Тәжірибе алмасу мақсатында халықаралық форум, фестиваль, конференция және курстарға қатысу
21	Қоғаммен жұмыс жөніндегі директор орынбасарларының біліктілігін арттыру	Біліктілікті арттыру шараларына, семинарларға қатысу	Біліктілікті арттыру шараларына, семинарларға қатысу	Біліктілікті арттыру шараларына, семинарларға қатысу

Бағыт-3:

Білім беру ұйымдарының басқару жүйесін жетілдіру және дамыту

№	Мақсат	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Білім беру ұйымдарын CIS (Council of international schools) халықаралық институционалдық аккредиттеуден өткізу	<p>Мүшелікке өтінім тапсырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> Алматы қыздар БИЛ СДКЛ Атырау ұлдар БИЛ <p>Мүшелікті алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> Нұр-Сұлтан қыздар БИЛ Galaxy <p>Аккредиттеу алуға үміткер болады:</p>	<p>Мүшелікке өтінім тапсырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> Өскемен «Нұрорда» SilkWay Алматы ұлдар БИЛ Нұр-Сұлтан ұлдар БИЛ Ақтөбе ұлдар БИЛ <p>Мүшелікті алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> Алматы қыздар БИЛ СДКЛ 	<p>Мүшелікті алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> Өскемен «Нұрорда» SilkWay Алматы ұлдар БИЛ Нұр-Сұлтан ұлдар БИЛ Ақтөбе ұлдар БИЛ <p>Аккредиттеу алуға үміткер болады:</p>

		<ul style="list-style-type: none"> • Нұр-Сұлтан NURORDA 	<ul style="list-style-type: none"> • Атырау ұлдар БИЛ <p>Қайта аккредиттеуден өтеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Spectrum 	<ul style="list-style-type: none"> • Нұр-Сұлтан NURORDA
2	Жекеменшік білім беру ұйымдарын басқаруға алу	-	1 жекеменшік мектепті басқару	3 жекеменшік мектепті басқару
3	Мектептер желісін кеңейту	-	-	2 жаңа мектеп қосылады
4	Мектеп көшбасшыларының коучтарын (Leadership coach) даярлау	5 тренер	5 тренер	5 тренер
5	Назарбаев Университетінің “Educational leadership” магистратура бағдарламасы бойынша мұғалімдерді оқыту	10 мұғалім	10 мұғалім	10 мұғалім
6	Білім беру ұйымдарын басқару жүйесін цифрландыру және автоматтандыру	<p>Онлайн платформаның төмендегі модульдерін іске қосу:</p> <ul style="list-style-type: none"> • адами ресурстар; • мұғалім өнімділіктерін талдау; • оқу үрдісін басқару; • Question bank тестілеу жүйесі. 	<p>Онлайн платформаның тәрбие үрдісін басқару модулін іске қосу.</p> <p>Платформаның алдыңғы модульдеріне талдау жасау және визуализациясын жаңарту.</p> <p>Платформадағы модульдердің ішіндегі кейбір функцияларын мобильді нұсқасына көшіру</p>	<p>Онлайн платформаның онлайн оқу модулін іске қосу.</p>

			(application жасау)	
7	Білім беру ұйымдары басшыларының кәсіби құзыреттіліктерін арттыру	Жаңа директорларды жетілдіру; Қазіргі қызметтегі директорлардың кәсіби шеберліктерін арттыру	Жаңа директорларды жетілдіру; Қазіргі қызметтегі директорлардың кәсіби шеберліктерін арттыру	Жаңа директорларды жетілдіру; Қазіргі қызметтегі директорлардың кәсіби шеберліктерін арттыру
8	Білім беру ұйымдарының оқу ісі жөніндегі директор орынбасарларының кәсіби құзыреттіліктерін арттыру	Жаңа директор орынбасарларды жетілдіру; Қазіргі қызметтегі директор орынбасарларының кәсіби шеберліктерін арттыру	Жаңа директор орынбасарларды жетілдіру; Қазіргі қызметтегі директор орынбасарларының кәсіби шеберліктерін арттыру	Жаңа директор орынбасарларды жетілдіру; Қазіргі қызметтегі директор орынбасарларының кәсіби шеберліктерін арттыру
9	Оқушылардың жеке даму траекториясы жүйесін енгізу	Жеке даму траекториясы тұжырымдамасын дайындау	Жеке даму траекторисы жүйесін апробациялау	Барлық білім беру ұйымдарына енгізу
10	Білім беру ұйымдарын басқару модельдерін дамыту	Басқару модельдері тұжырымдамасын дайындау	Басқару модельдерін апробациялау	Басқару модельдерін барлық білім беру ұйымдарына енгізу
11	Басқарушылық қызметкерлер мен педагогтардың қызметін бағалау жүйесін жетілдіру	Бағалау ережесін дайындау	Бағалау жүйесін апробациялау	Бағалау жүйесін барлық білім беру ұйымдарына енгізу

12	Қордың брендинг және жарнама маркетингін дамыту	Сайттар, әлеуметтік желілер, іс-шаралар және емтихан жарнамалары, журналдар, брендинг жасау	Сайттар, әлеуметтік желілер, іс-шаралар және емтихан жарнамалары, мерч жасату	Сайттар, әлеуметтік желілер, іс-шаралар және емтихан жарнамалары, мерч жасату
13	Қордың оқушыларды қабылдау жүйесін жетілдіру	CRM жүйесі, Call-center, Құрал-жабдықтар, Қызмет көрсету жүйелерін орнату	CRM жүйесі, Call-center, Құрал-жабдықтар, Қызмет көрсету жүйелерін орнату	CRM жүйесі, Call-center, Құрал-жабдықтар, Қызмет көрсету жүйелерін орнату

Бағыт-4:

Тәрбие үрдісін жетілдіру

№	Мақсат	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Құндылыққа негізделген білім беру стандарттарын енгізу (Qundylyq)	Аккредиттеу стандарттарын әзірлеу	12 лицейді аккредиттеу	29 лицейді аккредиттеу
2	Құндылыққа негізделген білім беру мекемелерінің кадрларын дайындау және қайта даярлау	250 оқытушы; 400 тәрбиеші; 100 басқарушы.	280 оқытушы; 420 тәрбиеші; 130 басқарушы.	300 оқытушы; 450 тәрбиеші; 150 басқарушы.
3	Құндылыққа негізделген білім беруді жүзеге асыру үшін ресурстық базаны қалыптастыру	білім берудің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта деңгейі бойынша "QADAM" ОӘҚ-ні енгізу	Құндылыққа негізделген білім беруді іске асыру бойынша оқытушылар мен мектеп басшыларына арналған әдістемелік құрал әзірлеу	Құндылыққа негізделген білім беруді іске асыру тәжірибесін трансляциялау

4	Оқушылардың кітап оқу дағдыларын дамыту үшін “Оқитын ұлт” жобасын жүзеге асыру	"КІТАРР" мобильді қосымшасын енгізу; кітапты белсенді оқитын оқушылардың үлесін 50%-ға дейін жеткізу.	"КІТАРР" қосымшасына әлеуметтік желі модулін қосу; кітапты белсенді оқитын оқушылардың үлесін 70% - ға дейін жеткізу.	кітапты белсенді оқитын оқушылардың үлесін 90% - ға дейін жеткізу.
5	Оқушылармен кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша мамандар даярлау	10 мұғалім	15 мұғалім	15 мұғалім
6	Оқушыларға дербес кәсіби бағдар беру жүйесін енгізу	Бағдар беру жүйені әзірлеу	7-11 сынып оқушыларына арналған TALAPP кәсіби бағдар беру платформасын құру	осы платформаны барлық лицейлерге енгізу
7	Психологиялық қолдау жүйесін дамыту	5 қалада психологиялық қолдаудың өңірлік хабтарын құру	барлық лицейлерде психологтарды қайта даярлау	психологиялық қызмет академиясын құру
8	Білім алушылардың дене тәрбиесін дамыту	Қазақстанда спорттың жаңа түрлерін енгізу (Teqball, Spikeball); Аймақтық/Республикалық Bilympic, Волейбол, Футзал, Баскетбол, Ұлттық және үстел ойындарын өткізу.	Teqball, Spikeball бойынша республикалық турнир өткізу. Аймақтық/Республикалық Bilympic, Волейбол, Футзал, Баскетбол, Ұлттық және үстел ойындарын өткізу.	Teqball, Spikeball бойынша халықаралық турнир өткізу. Аймақтық/Республикалық Bilympic, Волейбол, Футзал, Баскетбол, Ұлттық және үстел ойындарын өткізу.

9	Оқушылардың креативті дағдылардын дамыту	FilmFest, KRC, b•contentmakers КТЛ Президент Кубогы, КТЛ Финал, КТЛ 5 жылдық мерей-тойы республикалық конкурстарын/іс-шараларын өткізу.	FilmFest, KRC, b•contentmakers халықаралық конкурстарын/іс-шараларын өткізу. Аймақтық КТЛ, КТЛ Президент Кубогы, КТЛ Финал өткізу.	New York Film Academy, Intel ISEF-пен бірлескен жобаларды іске асыру. Аймақтық КТЛ, КТЛ Президент Кубогы, КТЛ Финал өткізу
10	Экологиялық тәрбиені дамыту	"Эко БИЛ" тұжырымдамасын әзірлеу	тұжырымдаманы апробациялау	лицейлерде енгізу
11	Ата-аналармен жұмысты дамыту	лицейлер жанындағы "Әкелер кеңесі", "Аналар алқасы" жобаларын іске асыру	республикалық қоғамдық бірлестіктермен бірлескен жобаларды іске асыру	БИЛ-дің ата-аналармен жұмыс тәжірибесін тарату
12	Түлектермен жұмысты дамыту	Лицейлерде түлектер жөнінде жауапты мамандарды белгілеу және түлектер ассоциацияларым ен байланыс құру	Барлық лицейлерде түлектер жауаптыларын белгілеу. Лицейлер арасы шараларды ұйымдастыру.	Республикалық деңгейде басқа мектептердің түлектер ассоциациялары мен серіктестік орнату
13	Лицейлерде цифрлық азаматтық мәдениетін қалыптастыру	цифрлық азаматтық тұжырымдамасын дайындау	лицейлерде цифрлық азаматтық практикаларды енгізу	республика деңгейінде тәжірибемен бөлісу
14	Заманауи іс-шараларды ұйымдастыру	Жаңа жобалар, іс-шаралар, сайыстар түрлерін енгізу	Жаңа жобалар, іс-шаралар, сайыстар түрлерін ұйымдастыру	Жаңа жобалар, іс-шаралар, сайыстар түрлерін республикалық

				деңгейде ұйымдастыру
15	Балалар мен жасөспірімдерді қорғау мен әлеуеттерін арттыру (Safeguarding and Child Protection)	Балалар мен жасөспірімдерді қорғау мен әлеуеттерін арттыру туралы сертификатталатын онлайн курстар дайындау	Курстарды қорғау қарасты білім беру ұйымдарына енгізу	Курстарды республикалық деңгейде басқа мекемелерге ұсыну

Бағыт-5:

Қазақ тілін дамыту

№	Мақсат	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін “академиялық эссе жазу” курстарынан өткізу	40 мұғалім	40 мұғалім	40 мұғалім
2	Тілдік дағдыларды анықтауға арналған қазақ тілінен емтихан дайындау (KET – PET форматында)	7-8 сыныптарға арналған емтихан әзірлеу	пилоттық мектептердің 7-8-сыныптарын да емтиханды апробациялау	барлық білім беру ұйымдарында емтихан өткізу
3	Қазақ тілін қолдану аясын кеңейту (“Жарқан болашақ” олимпиадасы)	республикалық “Жарқын болашақ” олимпиадасын өткізу	олимпиаданың 15 жылдығын атап өту аясында халықаралық «Жарқын болашақ» олимпиадасын өткізу	халықаралық “Жарқын болашақ” олимпиадасының форматын жанарту
4	Қазақ тіліндегі балалар әдебиетін дамыту	1-4 сыныптарға арналған көркем әдебиеттер сериясы: 1) “Құндылықтар сериясы”	5-6 сыныптарға арналған көркем әдебиеттер сериясы: 1) “Құндылықтар сериясы”	Оқырмандық қызметті сүйемелдеу үшін платформа әзірлеу

		<p>2) “Қазақ және әлем әдебиеті” 3) “Бала және ғалам”</p> <p>Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал әзірлеу</p> <p>Фантастика жанрындағы көркем әдебиет сериясы</p>	<p>2) “Қазақ және әлем әдебиеті” 3) “Бала және ғалам”</p>	
--	--	--	---	--

Бағыт-6:

Материалдық-техникалық базаны дамыту

№	Мақсат	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Білім беру ұйымдарын заманауи робототехника жиынтығымен қамтамасыз ету	әр мектепте кем дегенде 5 LEGO mindstorm робот жиынтығы бар	әр мектепте кемінде 5 Arduino робот жиынтығы және 5 MBot робот жиынтығы бар	әр мектепте 5 ZUMI робот жиынтығы бар
2	Лицейлерді заманауи зертханалар және STEM лабораторияларымен жабдықтау	5 лицей (әр аймақта бір-бірден) 1 зертхананы өз қалауы бойынша жаңартады	5 лицей (әр аймақта бір-бірден) 1 зертхананы өз қалауы бойынша жаңартады	5 лицей (әр аймақта бір-бірден) 1 зертхананы өз қалауы бойынша жаңартады
3	Қордың PR/медиа бөлімнің аудио-видео техникалық жабдықтауын жаңарту	Жаңа модель техникаларымен қамтамасыз ету	Жаңа модель техникаларымен қамтамасыз ету	Жаңа модель техникаларымен қамтамасыз ету
4	Лицейлердің материалдық базасын жақсарту	басымдықтағы лицейлердің материалдық базасы бойынша талдау жасау	жоспарға сай жұмыс кезеңдерін іске асыру	жоспарға сай жұмыс кезеңдерін іске асыру

		жұмыс жоспарын құру жоба менеджерді тағайындау		
5	Жеке меншік мектептердің материалдық базасын жақсарту	барлық мектептердің материалдық базасы бойынша талдау жасау жұмыс жоспарын құру жоба менеджерді тағайындау	жоспарға сай жұмыс кезеңдерін іске асыру	жоспарға сай жұмыс кезеңдерін іске асыру